

**Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының Қазақстан
Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіндегі салымдарына өтем жасау туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2941 Жарлығы
. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18
маусымдағы N 829 Жарлығымен

***Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18
N 829 Жарлығымен.***

Қазақстан Республикасының халықтық Банкі мекемелеріндегі халықтың
салымдары бойынша шығындарына өтем жасау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1996 жылы Ұлы Отан соғысының
мүгедектері мен қатысушыларының Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ
Банкіндегі салымдарына өтем жасау тапсырылсын.

2. 1996 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша салымдардың барлық
түрлері жөнінен 1992 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдықтарға
1996 жылдың 15 сәуіріндегі істегі шоттар бойынша өтем жасалуға тиіс. Өтемақы
сомасын есептеу салымдардың қалдығын 1992 жылдың 3 қаңтарындағы
биржалық бағамы бойынша доллар эквивалентіне қайта есептеу жолымен
ж ү р г і з і л с і н .

3. Өтемақы сомалары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен
Қазақстан Акционерлік халықтық Жинақ Банкіндегі істегі жеке шоттарға төлем
жасау сәтіндегі АҚШ долларының ресми бағамы бойынша есептелсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өтемақы сомасын
анықтағаннан кейін қаражаттың қажетті сомасын Қазақстан Акционерлік
Халықтық Жинақ Банкіне аударсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті